

**Барлық туристік инфрақұрылым объектілерінде мүгедектігі бар туристердің демалысын қамтамасыз ету үшін техникалық және санитарлық жағдайларды сақтау нормалары мен талаптарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 3 наурыздағы N 06-2-2/73, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 203 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2775. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2023 жылғы 2 қарашадағы № 279 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 6 қарашадағы № 161 бірлескен бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің 02.11.2023 № 279 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.11.2023 № 161 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.09.2022 № 284 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Туристік салаларды дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1445 қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Барлық туристік инфрақұрылым объектілерінде мүгедектігі бар туристердің демалысын қамтамасыз ету үшін техникалық және санитарлық жағдайларды сақтау нормалары мен талаптарын бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.09.2022 № 284 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. Осы нормалар мен талаптар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

агенттігі Төрағасының

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының  
денсаулық сақтау министрі

"Барлық туристік  
инфрақұрылым объектілерінде  
мүгедек туристердің демалысын  
қамтамасыз ету үшін  
техникалық және санитарлық  
жағдайларды сақтау нормалары  
мен талаптарын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт жөніндегі  
агенттігі Төрағасының  
2004 жылғы 3 наурыздағы  
№ 06-2-2/73 және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2004 жылғы 1 наурыздағы  
№ 203 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## **Барлық туристік инфрақұрылым объектілерінде мүгедектігі бар туристердің демалысын қамтамасыз ету үшін техникалық және санитарлық жағдайларды сақтау нормалары мен талаптары**

Ескерту. Нормалары мен талаптары жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.09.2022 № 284 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ереже**

1. Барлық туристік инфрақұрылым объектілерінде мүгедектігі бар туристердің демалысын қамтамасыз ету үшін техникалық және санитарлық жағдайларды сақтау нормалары мен талаптары (бұдан әрі – нормалар) меншік нысанына қарамастан, қызметі мүгедектігі бар туристердің демалысы үшін барлық туристік инфрақұрылым (бұдан әрі – объектілер) түрлерінің ғимараттарын жобалаумен, салумен, қайта жаңартумен және пайдаланумен байланысты заңды және жеке тұлғаларға арналған.

2. Осы нормалар мен талаптарда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) туризм – туристің тұрақты тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты емес саяхатта уақытша болуы;

2) мүгедектігі бар адам – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (

жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

3) пандус – жолдың көлденең бетінің бір деңгейінен екіншісіне, оның ішінде кресло-арбамен ауысуға арналған қозғалыс бағыты бойынша тегіс көлбеуі бар құрылыс.

3. Туристік демалысқа тіреу-қозғалыс аппараты бұзылған және ауыратын, оның ішінде кресло-арбамен немесе басқа да көмекші құралдардың көмегімен қозғалатын; көзі нашар көретін және естуі нашар, оның ішінде жетекші-иттің көмегімен ілесіп жүретін, мүгедектіктің нақты түрі көрсетілген тұлға үшін оның қауіпсіздігі туралы медициналық қорытындысы бар мүгедектігі бар адамдарға рұқсат етіледі.

## **2-тарау. Аумаққа қойылатын талаптар**

4. Мүгедектігі бар туристер үшін туристік объектілер жеке ұйымдар түрінде болуы немесе тұрғындар үшін туристік объектінің құрамына кіруі мүмкін. Туристік объектілер мүгедектігі бар балаларға, үлкендерге немесе аралас, оның ішінде отбасы демалысына да арналуы мүмкін.

5. Объектілер оқшауланған учаскелерде, көгалдандырылған аудандарда, тұрғын үй корпустарынан магистралды көшелердің қызыл сызығына дейінгі ара қашықтық кемінде 30 метр болатын жерлерде орналасуға тиіс.

6. Объектілердің учаскелерінде қажетті жүріп-тұратын жерлері бар тұрғын үй, бақ-парк, спорттық дене шынықтыру қоғамдық және шаруашылық аймақтар көзделуге тиіс. Учаскеде оған функционалдық байланысы жоқ объектілерді орналастыруға тыйым салынады. Туристік объектілердің жер учаскесі кемінде 1,6 метр болатын биіктікте қоршалуға тиіс.

7. Мүгедектігі бар адамдардың учаскелерде қауіпсіз және кедергісіз қозғалысы үшін тиісті алаңмен ғимаратқа кіруі; туристік серуенге және бағытқа шығатын учаске алаңы ыңғайлы жайғасуға тиіс. Көзі нашар көретін, көзі көрмейтін және естімейтін туристер үшін учаскелер жарықтық, түрлі-түсті, фактуралық (жүріп өткенше) дыбыстық бағдарлар жүйесімен жабдықталуға тиіс.

8. Қоғамдық пайдалану орындары, үйлер мен ғимараттар, туристік және серуендеу маршруттары ақпараттық белгі жүйесімен жабдықталуға тиіс, ол мыналарды:

1) үйлер мен ғимараттардың кіре берісінде, туристік бағыттың басында, барысында және аяғында, демалыс үшін жабдықталған алаңдардың, қоғамдық көлік аялдамаларының, автотұрақтың, сервистік құрылғылар мен автоматтардың жанында және аумағында орнатылған, түсінуге жеңіл көрсеткіштерді;

2) маршруттардың жолында және жаяу жүргіншілер жолында құрылыс кедергілерінің, қауіпті учаскелердің бар екендігі туралы, сондай-ақ қозғалыс бағытының кенеттен өзгертін жерінде немесе ылдый жерлерде ескерту белгілерін;

3) тәулік уақыты, әр түрлі бағыттағы объектілердің орналасқан жерлері мүгедектігі бар адамдардың қатысуымен өткізілетін жоспарланған іс-шаралар, сервистік құрылғылар мен автоматтарды пайдалану ережелері туралы мәліметтер бар ақпараттық стенділер мен қондырғыларды қамтиды.

9. Объектілердің аумағында аллеяның, жолдардың, ашық алаңдар мен функционалдық аймақтардың үздіксіз жүйесі көзделуге тиіс, онда мүгедектігі бар туристердің қозғалысы (серуені) үшін жақсылап жабдықтау құралдары арқылы жағдайлар жасалынады және үнемі қолдап отырылады.

10. Ағаштар мен бұталы өсімдіктер бордюрлік тастан немесе бордюрсіз жүргіншілер жолының шетінен кемінде 0,9 метр қашықтықта орналастырылуға тиіс. Көгалдандыру үшін биіктігі 0,5 метр аласа және 1,1 метр биік бұталы өсімдіктерді пайдалануға рұқсат етілмейді. Көгалдандыру үшін тікенек өсімдіктерді пайдалануға тыйым салынады. Ағаш көшеттерін бүкіл аумаққа еркін шолу бағдарын қамтамасыз ету үшін аллея және кішігірім топтар түрінде отырғызу керек.

11. Тротуарлық плиткалар немесе жаяу жүретін жолдардың басқа да бүркеншіктері (бортик немесе бордюр болмаған кезде) жердің үстіңгі қабатынан кемінде 2,5 сантиметр биіктікте қалануға тиіс. Адамдар жүретін жолдарда ағаштар, бағаналар, шағын сәулет нысандары орналасқан жағдайда, арнаулы түрлі-түсті белгісі бар қоршаулы бордюрлер немесе бұталы өсімдіктерден, шөп гүлзәрлерінен жасалған "жұмсақ бөгеттер", жұмыр тастардан төсеніштер салыну керек. Көздері нашар көретіндер бөгеттің бар екендігі туралы ескертілуге тиіс белгілер кемінде 1,5-2,0 метр ара қашықтықта көзделуге тиіс.

12. Жаяу жүретін жолдар мен тротуарлардың ені кресло-арбалармен екі жақты қозғалыс кезіндегі қауіпсіздігі үшін кемінде 1,8 метр болуға тиіс.

13. Жаяу жүретін жолдар мен тротуарлардың ұзына бойы – 5%-тен, көлденеңі – 2%-тен аспауға тиіс. Егер рельефтің шарттары бойынша көрсетілген шектеулерді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, ылдыйды бойлай көлденең алаңдар орналастыра отырып, кемінде 12 метр созылатын жолға ұзындықты 10 %-ке дейін көбейтуге рұқсат етіледі, кресло-арбаларды пайдаланатын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы жолдарды немесе пандустарды қарастыру керек.

14. Тротуарлар мен жаяу жүретін жолдардың бүркемелері тайғанақтауға жол бермейтін қатты және төзімді материалдардан жасалуға тиіс. Себінді, шамадан тыс кедір-бұдырланған немесе құрылыс материалдарын пайдалануға тыйым

салынады. Бетон плиталарынан жасалған бүркеніштер биіктігі жағынан ысырылып төгілмеуге тиіс, плиталар арасындағы жіктердің ені 1,5 сантиметр аспауға тиіс.

15. Тротуарлар мен жаяу жүретін жолдардың бүркеніштері айналадағы жердің бетінен түсі мен материалы жағынан ерекше болуға тиіс. Тротуарлар мен жаяу жүретін жолдардың жиегінде (бойында) қозғалыс бағыттарының көрсеткіштері болуға тиіс. Олар тротуарлардың деңгейінен 10 сантиметр шығып тұратын бордюрлік тастан жасалынады.

16. Парк аллеялары мен жолдарға жанасып жатқан және демалысқа арналған алаңдарда орындықтар орнатылуға, ал кресло-арбалардағы мүгедектігі бар адамдар үшін қосымша бос жер (алаң) бөлінуге тиіс. Орындықтарды аллеяның бойын жағалай орналастыру кезінде аллеяның бойында кемінде 0,9 метр және қақ ортасында 1,2 метр және аллеяның немесе жолдың ось сызығына  $45^{\circ}$  жоғары бұрыштық орындықтарды орналастыру кезінде 1,5 метр және 1,6 метр болатын бос кеңістік болуға тиіс.

17. Көзі нашар көретін мүгедектігі бар адамдар үшін жаяу жүретін жолдар дыбыстық және шолу ақпараттарымен сүйемелденуге тиіс. Көзі көрмейтіндер үшін сезім ақпараттары тротуарларға орналастырылады және жіңішке таяқпен немесе аяқты тигізу арқылы сезіледі.

18. Жарық беретін құрылғылар, фонарлар, жер бетіндегі судың ағуына арналған су тартқыштар мен торлар жаяу жүретін жолдың бір жағына орнатылуы керек.

19. Көпшілік болатын қоғамдық орындардағы негізгі жаяу жүретін жолдардың бойында бір-бірінен 400 метрден аспайтын ара қашықтықта орындықтары мен таксофондары бар демалыс алаңдары орналастырылуға тиіс.

20. Көпшілік пайдаланатын жерлерде орналасқан таксофондардың кемінде біреуі алаңның бүркеніш деңгейінен 0,8 метрден артық болмайтын биіктікке орнатылуға тиіс.

21. Почта жәшігінің қабылдау ойығының деңгейін жаяу жүретін жолдың үстінен 1,3 метрден артық болмайтын биіктікке орналастыру керек.

22. Жағажайда көлеңкелі қалқасы бар және өте биік емес сәнді қоршалған шағын учаскелер жабдықталуға тиіс. Учаскелер қатты бүркеніші бар, ені кемінде 65 сантиметр болатын суға жалғасатын жолмен қосылуға тиіс.

23. Суға түсу кезінде және шомылатын аймақта биіктігі 90 сантиметр болатын және мүгедектігі бар адамдардың суға толық батуына жеткілікті ұзындықта тіреуіш тұтқасы қондырылуы керек. Шомылатын аймақтағы судың түбі балдырлардан, ірі тастардан тазартылуға тиіс және топырақты болуы керек.

24. Қоғамдық әжетханалар кресло-арбалардағы мүгедектігі бар адамдар оңай және кедергісіз жете алатындай аумақта орналастырылуға тиіс. Қоғамдық әжетханалардағы кіреберістерде табалдырықтар болмау керек.

25. Аумақ таза ұсталынуға тиіс, қоқыстарды жинауға арналған урналар орналастырылады. Қыста аумақ қардан және мұздан тазартылуға, жазда суарылуға тиіс. Қақпағы бар қоқыс жинағыштар ғимараттан 25 метр қашықтықта цементтен немесе асфальттан бүркеніші бар немесе кемінде 1,5 метр биіктікте қоршалған алаңда орналастырылуға тиіс. Қоқысты шығару 213 көлемде толған кезде, тәулігіне бір рет жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Ғимаратқа қойылатын талаптар**

26. Туристік инфрақұрылымдардың қоғамдық үйлері мен ғимараттары (қонақ үй, спорттық ғимараттар, көпшілік тамақтанатын кәсіпорындар, сауда орындары) қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне, санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес келуге тиіс.

Мүгедектігі бар туристерге арналған барлық бөлмелер бір қабатты ғимараттарда немесе көп қабатты ғимараттың бірінші қабатында орналастырылуға тиіс. Кресло-арбалармен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарға арналған бөлмелерде пандустар болуға тиіс. Жетектеп жүретін иттері бар көздері көрмейтін мүгедектігі бар адамдар үшін иттерді ұстауға арналған орындар көзделуге тиіс.

27. Объектінің ғимаратында қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес шаруашылық ауыз суы және ыстық су, жылу, жарық канализация болуға тиіс.

28. Сатыларда кемінде үш басқыш болуға тиіс. Сатылар саңылаусыр, тегіс, томпақ, шығыңқы жерсіз, үстіңгі қабаты бұдырмақты болуға тиіс. Басқыштың қабырғасы 5 сантиметрден артық болмайтын радиуста жұмырлау болуға тиіс. Қабырғаға жанаспайтын иірілмелі басқыштың екі алаңша арасындағы бөлігінің қапталындағы жиегінде аяқтың, таяқтың, балдақтың тайып кетпеуін болдырмау үшін биіктігі кемінде 2 сантиметр болатын бортиктер болуға тиіс. Сатылар үшін шығыңқы жерлердің ені кемінде 40 сантиметр, басқыштар өрінің биіктігі 12 сантиметрден артық болмауға тиіс.

29. Соқырлар мен көзі нашар көретіндер үшін жоғарыға көтерілетін және төменге түсетін сатылар, сатылардың бірінші және соңғы басқыштарының тұтқалары кедір-бұдырлы етіп жасалынуға және қарама-қарсы түстермен белгіленуге тиіс.

30. Пандустың әрбір өрінің басына және аяғына ені кемінде пандустың еніндей және ұзындығы кемінде 1,5 метр болатын көлденең алаңдар орналастыру

керек. Пандус бағыты өзгерген кезде алаңның ені кресло-арбаның бұрылуына мүмкіндікті қамтамасыз етуге тиіс.

31. Пандус пен алаңның сыртқы капиталының жиегі бойынша биіктігі кемінде 5 сантиметр болатын бортиктер көзделуге тиіс.

32. Пандустың екі жағында немесе мүгедектігі бар туристердің қозғалуына арналған иірілмелі басқыштың екі алаңша арасындағы бөлігінде тұтқасы бар биіктігі кемінде 0,9 метр болатын қоршау көзделуге тиіс. Мұндай жағдайларда тұтқалар екі жақты көзделуі керек, біреуі биіктігі кемінде 0,7 және 0,9 метр болатын жасы үлкен мүгедектігі бар туристерге арналған тұтқа, екіншісі биіктігі 0,5 метр болатын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тұтқа. Тұтқалардың ұзындығы пандустың немесе сатылар бөлігінің ұзындығынан үлкен болуға тиіс, олардың әрбір жақтары кемінде 0,3 метр болады. Тұтқалар диаметрі кемінде 3 сантиметр болатын және 5 сантиметр артық болмайтын дөңгелектеп қиылуға немесе қалыңдығы 4 сантиметр артық болмайтын тікбұрыштап қиылуға тиіс.

33. Мүгедектігі бар туристерге арналған үйлер мен ғимараттарға кіреберістер атмосфералық жауын-шашыннан қорғалуы керек және кіреберісте мөлшері кемінде 1,0х,5 метр болатын құрғататыны бар және жергілікті климаттық жағдайларға байланысты жылытатыны бар алаңдар көзделуге тиіс.

34. Бөлмелердің, санитарлық-тұрмыс үйлерінің есіктері ойығының ені кемінде 1,2 метр болуға тиіс. Үйлердің кіре берісі автоматты түрде ашылатын және жабылатын, не ысырылмалы есіктермен жабдықталуға тиіс, дәліздерде мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруы үшін қабырғаны бойлай тұтқалар жасалынады.

35. Душқа түсетін бөлмеде еденнің деңгейінен 90-130 сантиметр биіктікте тік тұтқа, ал ваннаға түсетін бөлмеде ваннаны пайдалану үшін көлденең тұтқа көзделуге тиіс.

36. Көпшілік пайдаланатын әжетханаларда кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдар үшін қабырғаға құрастырылған қапсырма темір түріндегі арнаулы құрылғылармен жабдықталған кемінде бір кабина болуға тиіс. Кабиналардың ені кемінде 1,65 метр және тереңдігі кемінде 1,8 метр болуға тиіс.

37. Автокөлікте (автобус, шағын автобус), темір жол көлігінде арбалармен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарды көтеруге, тасымалдауға және одан шығаруға арналған арнаулы құрылғылар болуға тиіс.

Туристік үлгідегі темір жол вагонында арбадағы мүгедектігі бар жолаушыларға арналған орындар вагонға кіреберісте орнатылуға тиіс. Купе бір орындық немесе екі орындық (жоғары төсекке мүгедектігі бар адамды сүйемелдеп жүретін тұлғаны орналастыра отырып) болуға тиіс және тұтқалармен жабдықталуы керек.

38. Аялдама пункттерінің алаңшаларында турникеттармен, платформалармен, пандустармен жабдықталған және ақпараттық белгімен қамтамасыз етілген мүгедектігі бар адамдарға арналған арнаулы аймақтар болуға тиіс. Отырғызатын аймақтың ені кемінде 1,5 метр болуға тиіс. Отырғызатын платформаның биіктігі автокөлік құралы еденінің деңгейінде болуға тиіс.

39. Әуежай, темір жол вокзалдарының және автовокзалдардың ғимараттары мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы жабдықталған кіреберістерімен қамтамасыз етілуге және тиісті белгімен және символмен қамсыздандырылуға тиіс.

40. Вокзалдардың перрондары мүгедектігі бар адамдарды отырғызу орындарына және олардың бағдарларына кедергісіз тәсілдерді қамтамасыз етуге тиіс. Аса қауіпті аймақтар арнаулы қоршаулармен, ескерту символдарымен, фактуралық-ақпараттық төсеніштермен, ал қажет болған кезде жарықтық және дыбыстық сигналдарымен жабдықталуға тиіс.

41. Темір жолдар арқылы өткелдер арнаулы төсеніш төселген пандустармен жабдықталуға тиіс. Өткелдің ені кемінде 1,5 метр болуға тиіс. Темір жол рельсінің көтеріңкі бөлігі өткелдің бүркенішінен 45 миллиметрден аспауға тиіс.

#### **4-тарау. Персоналға қойылатын талаптар**

42. Стационарлық туристік объектілерде мүгедектігі бар туристерге дәрігерлік медициналық көмек көрсету үшін медицинаменттермен жабдықталған медициналық пункттер болуға тиіс. Туристік жорықтар кезінде топтарды медицина қызметкерлері алып жүруге тиіс.

43. Мүгедектігі бар туристерге қызмет көрсететін барлық персонал халықтың санитарлық-эпидемиологиялық игілігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте жұмысқа қосылар кезде алдын ала және одан әрі кезеңдік медициналық тексеруден өтуге міндетті. Әрбір қызметкерде медициналық тексерудің нәтижелері мен гигиеналық оқудан өткені туралы деректер жазылған жеке медициналық кітапша болуға тиіс. Медициналық кітапша жұмыс орынында сақталуға тиіс.

44. Барлық туристік инфрақұрылым түрлерінің персоналы мүгедектігі бар туристердің демалысын қамтамасыз ету жөнінде арнаулы дайындықтан өтуге тиіс.